


**«Бірлік орта мектебі» мкм-нің  
2023-2024 оқу жылындағы «Мектепке жол» акциясы бойынша  
Хабарламалар**

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылында Желтоқсан айының 24-ші жұлдызында Қонаев қаласында президент шыршасы өткен болатын. Біздің мектебімізден 5 сынып білім алушысы Бейсенбек Інжу барып қатысып қайтты және де оқушымызға 100 000 мың тг ақшалай сертификат, жаңа жылдық сыйлықтарын алып қайтты.



27-шы желтоқсан күні үйден оқытылатын 6 сынып білім алушысы Дарханұлы Ернұрды Білім бөлімінің басшысы, мектеп басшысы, тәрбие орынбасары әленуметтік педагог, аяз ата ақшақармен барып қайтқан болатын. Білім бөлімінің басшысы арнайы үйден оқитын білім алушыны Жаңа жылымен құттықтап жаңа жылдық сыйлықтарын табыс етіп, қуантып қайтты. Аяз ата мен ақшақар да жылы тілектерін білдірді.



29-шы желтоқсанда ауданымызда шырша өтті. Шыршаға біздің мектебімізден 2 білім алушыны Тәрбие орынбасары мен әлеуметтік педагог апарып қайттық. Білім алушылар концерттік бағдарламаға қатысып, көңілдерін көтерді. Аудан әкімі өз атынан қыстық күртеше мен жаңа жылдық сыйлықтарын табыс етті. Аудан әкіміне алғысымыз шексіз.

Болашақта да осындай демеуші апай ағайларымызбен біріге отырып, оқушыларымызды қуантып, көмек беріп, көптеген жұмыстар атқарамыз деген ойдамыз.

